

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Алматы «Престиж» колледжі ЖШС



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ


Білім деңгейі:	Техникалық және кәсіптік білім
Даярлық бағыты және мамандануы:	021 Өнер 0211 Аудиовизуалды құралдар және медиа өндіріс
Мамандық коды және атауы:	02110100 Операторлық өнер
Біліктілік(-тер) коды және атауы:	4S02110103 Бейнемонтаждаушы
Білім базасы:	негізгі орта білім
Оқыту нысаны:	күндізгі
Оқыту тілі:	мемлекеттік
Оқытудың басталуы (жыл):	2024 ж.
Оқу уақытының жалпы көлемі кредит / сағат:	225/5400
ҰБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4

Білім беру бағдарламасын әзірлеу бойынша жұмыс тобымен
ӘЗІРЛЕНДІ

Педагогтар

Павлова Тамара Филимоновна - ОӘЖ жөніндегі директордың орынбасары

(Аты-жөні)



(КОЛЫ)

Асанов Талгатбек Нукербекович - арнайы пәндер оқытушысы

(Аты-жөні)



(КОЛЫ)

Смагулова Жанаргуль Касымхановна - қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

(Аты-жөні)




(КОЛЫ)

Ұйымның (кәсіпорынның) маманы

Абдраим Асылхан Абдраимович - "Фото өнер" ҚБ директоры

(Аты-жөні)



(КОЛЫ)

Индустриалдық (жұмыс берушілер кеңесі) кеңестің отырысында

МАҚҰЛДАНДЫ

Күні 15 қаңтар 2024 ж. / № 2 хаттама

Төраға Ұлан Әшімханұлы - «АСМ Holding» ЖШС директоры

(Аты-жөні)



(КОЛЫ)

Оқу-әдістемелік кеңестің отырысында

ҰСЫНЫЛДЫ

Күні 17 қаңтар 2024 ж. / № 4 хаттама

МАЗМҰНЫ

- 1 Білім беру бағдарламасының паспорты
- 2 Құзыреттер тізімі
- 3 Білім беру бағдарламасының мазмұны
 - 3.1 Пәндердің мазмұны
 - 3.2 Білім беру бағдарламасының пәндері бөлінісінде игерілген кредиттердің/сағаттардың көлемін көрсететін жиынтық кестесі
 - 3.3 Құзыреттер бойынша пәндер матрицасы

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

Мамандық коды және атауы	02110100 Операторлық өнер
Біліктілік коды және атауы	4S02110103 Бейнемонтаждаушы
Білім беру бағдарламасының мақсаты	Технологиялық монтаждау процестерін және барлық түрдегі және жанрдағы фотосуреттердің, кинофильмдердің, телефильмдердің, бейнефильмдердің, телерадио бағдарламалардың көркемдік және техникалық сапасын қамтамасыз ететуді жүзеге асыратын мамандарды дайындау.
Білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық қамтылуы	<p>Қазақстан Республикасының 2027 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы, 20.04.2023ж. өзгерту енгізілді;</p> <p>Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 6 маусымдағы №161 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;</p> <p>Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 1 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламалары;</p> <p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышы.</p>
Кәсіптік стандарт (бар болса)	Кино-, бейнефильмдер және телебағдарламалар шығару қызметі. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №245 бұйрығына №12 қосымша.
WorldSkills кәсіптік стандарты (бар болса)	-
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	-

2. ҚҰЗЫРЕТТЕР ТІЗІМІ

Құзыреттің индексі	Құзыреттің атауы
Қ 1.	Мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша түрде іскерлік қарым-қатынасты іске асыру.
Қ 2.	Кәсіби салада жаратылыстану, математикалық білімді қолдану.
Қ 3.	Кәсіби салада қоғамдық-гуманитарлық білімді қолдану.
Қ 4.	Өзін және қоғамдағы өз орнын сезіну, әлеуметтік, саяси, этникалық, конфессиялық және мәдени айырмашылықтарды толерантты қабылдау.
Қ 5.	Құқықтық жүйе мен экономика негіздерін меңгеру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайларда азаматтық ұстанымды көрсету.
Қ 6.	Өз денесін жетілдіруге деген ұмтылысты көрсету, салауатты өмір салтына назар аудару.
Қ 7.	Заманауи компьютерлік технологиялар мен ақпаратты цифрлық өңдеу әдістерін қолдану.
Қ 8.	Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамалық және нормативтік-техникалық актілер туралы білімді қолдану.
Қ 9.	Монтаждау бағдарламасында аудиовизуалды жұмыстың жобасын жасау.
Қ 10.	Монтажды бастамас бұрын жабдықтың жұмысқа жарамдығын қамтамасыз ету.
Қ 11.	Павильон ішінде және павильоннан тыс түрлі жанрдағы бейне- және фототүсірілімнің технологиялық процесін ұйымдастыру және іске асыру.
Қ 12.	Сценарий бойынша өнімнің драмалық немесе ойын-сауық құндылығын арттыру үшін қажетті монтаж әдістерін таңдау.
Қ 13.	Барлық түрдегі және жанрдағы кино-, теле-, бейнефильмдерді, телерадиобағдарламаларды өңдеудің технологиялық процестерін орындау.
Қ 14.	Барлық аудиовизуалды және дыбыстық материалдарды монтаждау, дыбыстау, үйлестіру және қиыстыруды орындау.
Қ 15.	Барлық түрдегі және жанрдағы кино-, теле-, бейнефильмдердің, телевизиялық және радиобағдарламалардың көркемдік-техникалық сапасын қамтамасыз ету.

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

3.1. Модульдердің (пәндердің) мазмұны

№	Пәндер	Пәндердің қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Құзыреттің индексі
Жалпы білім беретін пәндер				
1	ЖБП 01. Қазақ тілі	Әдеби қазақ тілінің орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары; ауызша және жазбаша сөйлеудегі сөйлеу этикетінің ережелері; алынған ақпаратты талдау, синтездеу, бағалау, түсіндіру тәсілдері; коммуникативтік міндеттерге байланысты оқудың әртүрлі түрлері; монолог сөз; көпшілік алдында сөйлеу жанрлары; пікірталас жүргізу ережелері; әртүрлі жанрдағы мәтіндердің стилистикасы.	ОН 1.1. Әртүрлі типтегі және жанрдағы, публицистикалық стильдегі мәтіндерді жазу.	Қ 1.
			ОН 1.2. Тыңдалған, оқылған және аудиовизуалды материалдардың мазмұнын баяндау.	
			ОН 1.3. Мәтіннің негізгі және толық ақпаратын түсіну, автордың позициясын және мәтіннің жасырын мағынасын, мақсатты аудиторияны, жанрларды анықтау.	
			ОН 1.4. Өз пікірін білдіре отырып, тыңдалған материалды ақпараттың сенімділігі, өзектілігі тұрғысынан бағалау.	
			ОН 1.5. Мәселені шешудің өзіндік жолдарын ұсына отырып және негіздей отырып, эссенің әртүрлі түрлерін жазу.	
			ОН 1.6. Ақпаратты әртүрлі көздерден алу және синтездеу.	
			ОН 1.7. Көркем-технологиялық және оқу-ғылыми сала шеңберінде көпшілік алдында сөйлеу үшін кеңейтілген монолог құру.	
2	ЖБП 02. Қазақ әдебиеті	Әдеби терминдер мен әдеби бағыттар, жанрлар, шығарманың тақырыбы, идеясы, проблематикасы; шығармадағы автордың ұстанымы; көркем шығармалардың бейнелі табиғаты; шығармалардың ашық білдірілген және жасырын мағыналары; шығарманың тілдік ерекшеліктері, негізгі эпизодтары, кейіпкерлердің іс-әрекеттері; жазушы стилінің ерекшеліктері; шығарма	ОН 2.1. Көркем шығарманың мазмұнын, оның проблемаларын түсіну, сыни тұрғыдан түсіну, өз көзқарасын білдіру.	Қ 1.
			ОН 2.2. Авторлық позицияны білдіруге байланысты дәйексөздерді, үзінділерді мәтіннен өз бетінше тауып, мәнерлеп жатқа оқу.	
			ОН 2.3. Шығарма мәтініне сілтеме жасап, тақырып пен бейнелер туралы өз пікірін білдіре отырып, проблемалық	

		жоспарының түрлері; шығарманы композициялық, стильдік бірлік, тілдік безендіру және қойылған коммуникативтік міндеттерге қол жеткізу тиімділігі тұрғысынан бағалау; басқа өнер түрлерінің құралдарымен жасалған көркем мәтінді түсіндіру; әртүрлі жанрдағы шығармалардың идеялық-көркемдік, әлеуметтік- тарихи және рухани-эстетикалық аспектілері.	сұраққа толық дәлелді жауап беру. ОН 2.4. Жанрды және оның белгілерін анықтау. ОН 2.5. Кейіпкерлер жүйесіндегі олардың рөлі мен маңыздылығын анықтай отырып, шығарманың кейіпкерлерін сипаттау. ОН 2.6. Поэтикалық синтаксистің бейнелері, бейнелеу құралдары мен фигураларын құрудың құралдары мен әдістерін талдау, олардың оқырманға әсерін түсіндіру.	
3	ЖБП 03. Орыс тілі және әдебиеті	Өмірдің әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, өнер, техникалық және кәсіби салаларында қарым-қатынас жасау үшін қажетті әдеби орыс тіліндегі тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым; орыс тілінің нормалары мен ережелері; көркем мәтінді талдау; әдеби шығармалардың түрлері мен жанрлары; көркем шығармадағы бейнелеу құралдарының рөлі; шығарманың идеясы мен мәселелері; әртүрлі жанрдағы мәтіндерді құру кезіндегі стилистика; мамандандырылған кәсіби лексика.	ОН 3.1. Көркем шығарманың мазмұнын, оның проблемаларын түсіну және талдау. ОН 3.2. Тақырып бойынша мәтіннің негізгі идеясын анықтау. ОН 3.3. Оқылған мәтін бойынша практикалық сұрақтарды тұжырымдау. ОН 3.4. Күрделі синтаксистік конструкцияларды олардың функционалдық-стилистикалық қасиеттері тұрғысынан пайдалану, сөйлеу нормаларын сақтау. ОН 3.5. Әртүрлі көздерден алынған ақпаратты қорытындылау. ОН 3.6. Аралас типтегі мәтіндер жасау, шығармашылық жұмыстар (эссе) жазу.	Қ 1.
4	ЖБП 04. Шетел тілі (ағылшын)	Шет тілінің орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары; әңгімелесулерде және жалпы оқу тақырыптарының кең ауқымы бойынша жазу кезінде ресми және бейресми тілдік регистрлерді пайдалану; оқылғаннан (тыңдалғаннан, көргеннен) алынған ақпаратты салыстыру, талдау, синтездеу, түсіндіру тәсілдері; оқу мен аударманың түрлері;	ОН 4.1. Тақырып бойынша өз пікірін ауызша және жазбаша түрде жеткізу. ОН 4.2. Жалпы және оқу тақырыптардың кең ауқымы бойынша қолдау көрсетілмейтін кеңейтілген сөз сөйлеудегі, соның ішінде бейтаным тақырыптардың шектеулі ауқымындағы сөз сөйлеудегі нақты ақпаратты қабылдау. ОН 4.3. Топтарда мәселелерді шығармашылық тұрғыда және	Қ 1.

		өмірбаяндық, ғылыми-көпшілік, публицистикалық стильдердің мәтіндері; монолог және диалог сөз; лексика мен грамматиканы қолдана отырып, мәтін деңгейінде жеке байланысты жазу, редакциялау және түзету әдістері.	бірлесе шешу үшін сөйлеу және тыңдау дағдыларын пайдалану. ОН 4.4. Бірқатар жалпы және оқу тақырыптары ауқымында мәтін деңгейіндегі жұмысты өз бетінше жоспарлау, жазу, өңдеу және түзету.	
5	ЖБП 05. Қазақстан тарихы	Орталық Азия өркениеттерінің тарихы; Қазақстан аумағындағы этникалық және әлеуметтік процестер; қазіргі Қазақстан аумағында болған мемлекеттердің, соғыстар мен революциялардың тарихы; қазақ халқының мәдениеті; әртүрлі тарихи кезеңдердегі экономикалық даму ерекшеліктері; саяси-құқықтық процестер; қоғамдық-саяси ойдың дамуы; Қазақстанның білімі мен ғылымының дамуы.	ОН 5.1. Аймақтың тарихи-географиялық ерекшеліктерін сипаттау үшін «Орталық Азия» ұғымын пайдалану. ОН 5.2. Ұлы Дала өркениетінің шығу қайнар көзі мен ерекшеліктерін талдау. ОН 5.3. Орта Азия халықтарының адамзат прогресіне қосқан үлесін қорытындылай отырып, олардың материалдық және рухани мәдениетінің жетістіктерін талдау. ОН 5.4. Қазақтардың тайпалық ұйымының қалыптасуын тарихи кезеңдерді талдау негізінде талдау. ОН 5.5. Қазақ хандығының құрылуын Қазақстан аумағындағы тарихи процестердің заңды нәтижесі ретінде негіздеу. ОН 5.6. Қазақстан Республикасының даму болашағын болжайтын мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерделеу. ОН 5.7. Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделіне баға беру.	Қ 3.
6	ЖБП 06. Дүниежүзі тарихы	Әлемдік өркениеттердің классификациясы мен тарихы; әлемдік этникалық және әлеуметтік процестер; мемлекеттердің, соғыстар мен революциялардың тарихы; мәдениеттің дамуы; өркениеттердің дамуы	ОН 6.1. Әлемдік өркениеттердің тарихы мен олардың өзара әрекеттесуін түсіндіру. ОН 6.2. Әлемдік өркениеттер мен діндердің тарихын, даму ерекшеліктерін сипаттау. ОН 6.3. Антропологиялық, этникалық және әлеуметтік	Қ 3.

		ерекшеліктері; саяси-құқықтық процестер; қоғамдық-саяси ойдың дамуы; мәдениетті дамыту, адамзаттың мәдени мұрасын сақтау; білім мен ғылымның дамуы.	<p>процестердің байланыстарын анықтау.</p> <p>ОН 6.4. Әлемдегі ең үздік театр сахналарының ерекшеліктері мен қойылымдары және өнер майталмандары туралы түсінік беру; кәсіби шеберліктің жемісі ретінде әлемдегі ең атақты, белгілі театрлардың тарихымен таныстыру.</p> <p>ОН 6.5. Өнердің пайда болу тарихымен, палеолит, мезолит, неолит, қола дәуірінің өнерімен, ескерткіштерімен, ортағасырлық өнермен, италяндық Қайта өрлеу дәуірінің эстетикасымен, қазіргі заман өнерімен таныстыру.</p> <p>ОН 6.6. Әлемдік кинематографияның үздік туындыларын, режиссерлерді, қазіргі әлемдегі кинематографияның талдау бағытын түсіндіру.</p> <p>ОН 6.7. Әлемнің қазіргі саяси жүйесін, қауіпсіздік пен бейбітшілікті сақтауды, мемлекеттердің саяси дамуын болжауды түсіндіру.</p>	
7	ЖБП 07. Математика	Функцияның түрлері, қасиеттері мен графиктері; тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері; тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу; дәрежелер мен түбірлер; дәрежелік, көрсеткіштік және логарифмдік функцияның қасиеттері мен графиктері; иррационалдық теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу әдістері; көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер; функцияның шегі мен үздіксіздігі; туындының физикалық және геометриялық мағынасы және оның қолданылуы; антивирустық және интегралдардың қасиеттері мен қолданылуы; математикалық статистика мен ықтималдық	<p>ОН 7.1. Математикалық талдаудың негізгі ұғымдарын және олардың қасиеттерін меңгеру, функцияларды сипаттай білу.</p> <p>ОН 7.2. Рационалды және иррационалды, индикативті, дәрежелік, тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктерді, олардың жүйелерін шешу әдістерін меңгеру.</p> <p>ОН 7.3. Қарапайым ықтималдық теориясының негізгі ұғымдары туралы түсінікке ие болу, оқиғалардың пайда болу ықтималдығын табу және бағалау.</p> <p>ОН 7.4. Жазық және кеңістіктік геометриялық фигуралар, олардың негізгі қасиеттері туралы түсінікке ие болу, сызбалардағы, модельдердегі</p>	Қ 2.

		<p>теориясының элементтері; стереометрия аксиомалары және олардың салдары; кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы; координаттардың тікбұрышты жүйесі; кеңістіктегі вектордың координаттарын есептеу; полиэдралардың түсінігі мен қолданылуы; айналу денелері және олардың элементтері; денелердің көлемі.</p>	<p>және нақты әлемдегі геометриялық фигураларды тану. ОН 7.5. Геометриялық есептер мен техникалық-технологиялық есептерді практикалық мазмұнмен шешу үшін геометриялық фигуралар мен формулалардың меңгерілген қасиеттерін қолдану.</p>	
8	ЖБП 08. Информатика	<p>Компьютерлік жабдықты пайдалану кезіндегі эргономика мен қауіпсіздік; мобильді құрылғылардың аппараттық қамтамасыз етілуі, сипаттамасы мен анықтамалары; виртуалды машиналардың бағдарламалық қамтамасыз етілуі; санау жүйелері мен логикалық операциялар; ақпараттық процестер мен жүйелер; ақпараттық объектілерді құру мен түрлендіру; қосымшаларды әзірлеу; компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік.</p>	<p>ОН 8.1. Компьютерді қорғау үшін антивирустық бағдарламаларды пайдалану. ОН 8.2. Мобильді құрылғылардың негізгі компоненттерінің сипаттамаларын түсіндіру. ОН 8.3. Виртуалды жадтың қолданылуын түсіндіру; нақты мақсаттар үшін бағдарламалық құралды таңдауды негіздеу. ОН 8.4. Көп кестелі мәліметтер қорын құру; мәліметтер типтерін жүйелеу. ОН 8.5. Электрондық үкімет порталының функцияларын пайдалана отырып, Қазақстандағы қазіргі цифрландыру үрдістерін түсіндіру; көркемдік-технологиялық салада көрсетілетін қызметтерді пайдалану. ОН 8.6. Көркемдік-технологиялық бағыттағы веб-сайт құрастырушысын пайдаланып сайт жасау. Мультимедианы веб-бетке ендіру (аудио және бейне). ОН 8.7. Startup тұжырымдамасын және краудфандинг платформасының жұмыс істеу принциптерін сипаттау.</p>	Қ 7.

9	ЖБП 09. Физика	Кинематика және динамика негіздері; статика және гидростатика негіздері; импульспен энергияның сақталу заңдары; жылу физикасы; газ заңдары; термодинамика негіздері; сұйық және қатты денелер туралы ұғымдар; электростатика; электр тогы; электромагниттік индукция; механикалық тербелістердің теңдеулері мен графиктері; толқындық және геометриялық оптика; атомдық және кванттық физика; атом ядросының физикасы; космология негіздері.	<p>ОН 9.1. Негізгі ұғымдарды меңгеру, механиканың заңдарын, теориялары мен теңдеулерін түсіндіру және қолдану.</p> <p>ОН 9.2. Молекулалық-кинетикалық теорияның негіздерін меңгеру, қатты денелердің, сұйықтықтар мен газдардың модельдері мен қасиеттерін сипаттау.</p> <p>ОН 9.3. Электр тогы мен магнетизмнің табиғатын түсіну, олардың негізгі заңдылықтары мен сипаттамаларын білу.</p> <p>ОН 9.4. Тербелістер мен электромагниттік толқындардың пайда болу жағдайларын түсіндіру, олардың қасиеттері мен физикалық мағынасын сипаттау.</p> <p>ОН 9.5. Оптикалық құбылыстардың табиғаты мен заңдылықтарын сипаттау.</p> <p>ОН 9.6. Электромагниттік және радиоактивті сәулеленудің сипатын түсіндіру, нанотехнологияның негізгі жетістіктерін сипаттау.</p> <p>ОН 9.7. Жалпы Ғаламның қасиеттері мен эволюциясын түсіндіру.</p>	Қ 2.
10	ЖБП 10. Химия	Атомның құрамы мен құрылысы; атомдардағы электрондардың таралуы мен қозғалысы; химиялық байланыстың түрлері; химиялық элементтердің периодтық заңы мен периодтық кестесі; заттар массасының сақталу заңы; тотығу-тотықсыздану реакциялары; химиялық реакциялардың жылдамдығы; химиялық тепе-теңдік; аса маңызды р-элементтері және олардың қосылыстары; металдар мен олардың қорытпалары; биохимия негіздері.	<p>ОН 10.1. Атомның құрамы мен құрылымын, атомдардағы электрондардың таралуы мен қозғалысын түсіндіру.</p> <p>ОН 10.2. Химиялық байланыстың табиғатын және оның түрлерін түсіндіру.</p> <p>ОН 10.3. Периодтық заң мен химиялық элементтердің периодтық жүйесін заңның графикалық көрінісі ретінде түсіндіру.</p> <p>ОН 10.4. 14 (IVA) топ элементтерінің жай заттарының табиғатта пайда болу формаларын және алу әдістерін түсіндіру.</p> <p>ОН 10.5. Металдар мен олардың қорытпаларының қасиеттерін,</p>	Қ 2.

			<p>алу тәсілдерін және қолдану саласын сипаттау.</p> <p>ОН 10.6. Көмірсулардың, аминдердің, аминқышқылдары мен ақуыздардың құрылымын, физикалық және химиялық қасиеттерін түсіндіру, ферменттердің рөлі мен маңыздылығын түсіну.</p> <p>ОН 10.7. Нуклеин қышқылдарының құрылымын және олардың жіктелуін сипаттау.</p>	
11	ЖБП 11. Биология	Молекулалық биология және биохимия негіздері; жасуша биологиясының негіздері; тірі организмдердің алуан түрлілігі, құрылымы мен қызметі; тірі организмдердің көбеюі, тұқым қуалаушылығы, өзгергіштігі, эволюциялық дамуы; селекция негіздері; биомедицина, биоинформатика, биотехнология негіздері; биосфера, экожүйе, популяция; экология және адамның қоршаған ортаға әсері.	<p>ОН 11.1. Ақуыздардың, майлардың, көмірсулардың құрылымын, құрамы мен қызметін сипаттау.</p> <p>ОН 11.2. Электронды микроскоп астында көрінетін жасуша органоидтарының құрылымы мен функциясының ерекшеліктерін түсіндіру.</p> <p>ОН 11.3. Биологиялық процестерде тамақтану, заттарды тасымалдау, тыныс алу және шығару механизмін түсіндіру.</p> <p>ОН 11.4. Тірі организмдердің өсуі, көбеюі және дамуындағы жасуша циклінің маңыздылығын анықтау.</p> <p>ОН 11.5. Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің негізгі заңдылықтарын, эволюция мен селекция механизмін түсіндіру.</p> <p>ОН 11.6. Бионика, биоинформатика, биотехнологияның рөлі мен әдістерін сипаттау.</p> <p>ОН 11.7. Өз аймағының экожүйелері мен экологиялық мәселелерін сипаттау.</p>	Қ 2.
12	ЖБП 12. География	Географиялық зерттеу әдістері; картография және геоинформатика негіздері; табиғатты пайдалану және геоэкология негіздері; геоэкономика негіздері; геосаясат негіздері; елтану; адамзаттың жаһандық проблемалары.	<p>ОН 12.1. Зерттеудің жалпы географиялық және өзекті географиялық әдістерін меңгеру.</p> <p>ОН 12.2. Геоақпараттық жүйелердің заманауи картографиялық әдістері мен технологияларын қолдану.</p> <p>ОН 12.3. Табиғатты пайдалану тұжырымдамасын түсіну және өнеркәсіптік өндірістің</p>	Қ 2.

			<p>антропогендік факторларының қоршаған ортаға әсерін талдау.</p> <p>ОН 12.4. Геоэкологиялық зерттеу әдістерін білу.</p> <p>ОН 12.5. Жергілікті табиғатты басқару жолдарын анықтау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалана білу.</p> <p>ОН 12.6. Географиялық, демографиялық, әлеуметтік және бәсекеге қабілетті көрсеткіштер бойынша әлем елдерін салыстыру.</p> <p>ОН 12.7. Адамзаттың жаһандық проблемаларын және олардың Қазақстан аумағындағы көріністерін сипаттау.</p>	
13	ЖБП 13. Графика және жобалау	Ақпаратты визуализациялаудың графикалық тәсілдері мен құралдары; суреттердің негізгі түрлері және олардың құрылысы; кескіннің түрі мен құрамын түрлендіру; геометриялық денелердің қалыптасу заңдары және пішіндерді құрастыру; пішіндерді түрлендіру; техникалық, архитектуралық құрылыс және ақпараттық графика элементтері; жобалық графика.	<p>ОН 13.1. Графикалық кескіндерді, соның ішінде компьютерлік графика құралдарын орындау әдістері мен тәсілдерін меңгеру.</p> <p>ОН 13.2. Қатты күйдегі және беттік модельдеу әдістерін компьютерлік графика құралдарын меңгеру.</p> <p>ОН 13.3. Объектілердің сызбаларын проекциялау әдістерін, кескіндердің түрі мен құрамын өзгерту немесе масштабты өзгерту арқылы орындау.</p> <p>ОН 13.4. Программалық код алгоритмдерін графикалық көрсету элементтерін меңгеру.</p> <p>ОН 13.5. Жобалық графика дағдыларын меңгеру.</p>	Қ 2.
14	ЖБП 14. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	Мемлекет қорғанысының конституциялық негіздері; әскери қызметтің құқықтық негіздері; Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері; жалпы әскери жарғылар; экстремизм мен терроризм ұлттық қауіпсіздікке қатер ретінде; тактикалық, атыс, оқу-жаттығу және әскери топография; әскери робототехника негіздері; өмір	<p>ОН 14.1. Қарулы Күштерге заңмен жүктелген міндеттерді ойдағыдай шешуге моральдық-психологиялық дайындықты қалыптастырудағы өнердің әртүрлі түрлерінің рөлі туралы түсінікке ие болу.</p> <p>ОН 14.2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері жарғыларының жалпы ережелері мен құқықтық негіздерін білу.</p> <p>ОН 14.3. Жауды жеңудің ең маңызды құралы ретінде ұрыс</p>	Қ 5.

		қауіпсіздігі негіздері; шаруашылық объектілерін азаматтық қорғау; доңғалақты көлік құралдарын жүргізу негіздері мен ережелерін; жол қозғалысы ережелері	теориясы мен тәжірибесін меңгеру. ОН 14.4. Қарастырылып отырған қарудың материалдық бөлігін, қару, оқ-дәрілер және гранаталармен жұмыс істеу кезіндегі негізгі қауіпсіздік шараларын түсіну. ОН 14.5. Қарсыластың шабуыл қауіпі төнген кездегі қоғамдық қауіпсіздік шараларын, азаматтық қорғаныстың дабыл сигналдарын, әртүрлі төтенше жағдайлар мен террористік қауіп жағдайларын білу.	
15	ЖБП 15. Дене тәрбиесі	Дене шынықтыру сабақтарындағы қауіпсіздік техникасы; алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсетудің негіздері мен қағидаттары; кәсіптік-қолданбалы дене шынықтыру әдістері; дене шынықтырудың рекреациялық және оңалту құралдары; жеңіл атлетика және гимнастикалық жаттығуларды орындау ережелері мен техникасы; футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннисіндегі ережелер мен техникалық-тактикалық іс- қимылдар, ұлттық және қысқы спорт түрлері, жүзу; туризм түрлері; заманауи фитнес- технологиялар.	ОН 15.1. Дене шынықтыру сабақтарында қауіпсіздік техникасы және жеке гигиена ережелерін меңгеру. ОН 15.2. Бағдарламада көзделген жеңіл атлетика, гимнастика, жүзу жаттығуларын, бақылау нормативтері мен тестілерді орындау. ОН 15.3. Зерттелетін спорттық ойындардың ережелерін білу, қозғалыс әрекеттерін техникалық тұрғыдан дұрыс орындау, оларды жарыстарда қолдану. ОН 15.4. Қазіргі заманғы фитнес технологиялары мен туризм түрлері туралы түсіну. ОН 15.5. Ұлттық спорт түрлеріндегі техника-айлалық әрекеттерді орындау.	Қ 6.
16	ЖБП 16. «Жаһандық құзыреттілік» курсы	Жаһандық құзыреттер түсінігі және қолданылуы; қаржылық сауаттылық; қарым-қатынас мәдениеті; мәдениетаралық қарым-қатынас негіздері; көркемдік және технологиялық бағыттағы жаһандық құзыреттер; кәсіби менеджмент; компанияның инновациялық саясаты; жоба мен үдерістерді басқару; іскерлік іс-әрекеттің этикалық принциптері.	ОН 16.1. Жаһандық құзыреттер және олардың жеке тұлғаны дамыту үшін маңызы туралы түсіну. ОН 16.2. Қаржылық сауаттылық негіздерін меңгеру. ОН 16.3. Зерттеу, жобалау, волонтерлік жұмыс дағдыларын қалыптастыру. ОН 16.4. Жанжалдарды шешу дағдыларын меңгеру. ОН 16.5. Мәдениетаралық коммуникация дағдыларын меңгеру.	Қ 3., Қ 4.

			ОН 16.6. Көркемдік-технологиялық саладағы жаһандық құзыреттерді сипаттау.	
Жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер				
17	ЖГП 01. Дене тәрбиесі	Дене мәдениетінің әлеуметтік-биологиялық және психофизиологиялық негіздері; дене және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздері; салауатты өмір салтының негіздері.	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту, салауатты өмір салтын ұстану. ОН 1.2. Физикалық қасиеттер мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.	Қ 6.
18	ӘЭП 01. Мәдениеттану	Мәдениеттану ғылымының қоғам өміріндегі рөлі; мәдениеттің қалыптасуы мен түрлері; Қазақстанның ежелгі, ортағасырлықтан қазіргі ұлттық мәдениетке дейінгі мәдениеті; көшпенділердің материалдық және рухани мәдениетінің ерекшеліктері; қазақтардың қазіргі мәдени дәстүрлері; дін әлеуметтік құбылыс ретінде; діннің мәні және оның қоғамдағы рөлі; христиандықтың негізгі тарихи ережелері; ислам.	ОН 1.1. Мәдениетті күрделі әлеуметтік құбылыс ретінде бағалау. ОН 1.2. Қазақ ағартушылары еңбектеріндегі мәдениет мәселелерін талдау. ОН 1.3. Қоғамдағы мәдени процестердің дамуы мен өзгеруіне талдау жасау. ОН 1.4. Қазақ өркениетінің ежелгі, ортағасырлықтан бастап қазіргі заманға дейінгі мәдениетінің негізгі категорияларына сипаттама беру. ОН 1.5. Діннің шығу тегін және оның тарихи түрлерін талдау.	Қ 4.
19	ӘЭП 02. Философия негіздері	Философиялық білімнің ерекшелігі; философияның тарихи түрлері; қазақ философиясы; философияның теориялық және әдіснамалық негіздері; адамның табиғаты және оның болмысының мәні; жеке тұлғаның мәдениеті, еркіндігі және жауапкершілігі; философияның моральдық мәселелері; адамның танымы мен әрекеті; философияның қазіргі мәселелері.	ОН 2.1. Философия ұғымын теориялық дүниетанымның өзегі ретінде меңгеру. ОН 2.2. Ежелгі дүние философиясының ерекшеліктерін талдау. ОН 2.3. Қазақ философиясының қалыптасуы мен ерекшеліктеріне баға беру. ОН 2.4. Философияның негізгі ұғымдарына сипаттама беру: Жаратылыс. Материя. Сана. ОН 2.5. Құндылықтар философиясына талдау жасау. ОН 2.6. Тұлға, еркіндік және жауапкершілік ұғымдарын меңгеру.	Қ 4.
20	ӘЭП 03. Саясаттану және әлеуметтану негіздері	Әлеуметтану пәні мен әдісі; социологиялық ойдың дамуының негізгі кезеңдері; Қазақстанда әлеуметтану ғылымының қалыптасуы мен даму болашағы; саяси ойлар тарихы; Қазақстан территориясында саяси ойдың	ОН 3.1. Саяси ойлар тарихының негізгі кезеңдерін талдау. ОН 3.2. Саяси билік субъектілерінің мәні мен белгілерін анықтау. ОН 3.3. Қазақстан Республикасының партиялық	Қ 4.

		пайда болуы; Қазақстанның саяси партиялары; саяси сана және саяси мәдениет; саяси билік; саяси жүйе; Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық процестер.	жүйесінің даму ерекшеліктері мен тенденцияларын анықтау. ОН 3.4. Қазіргі заманға тән саяси мәселелер мен процестерді талдау, олардың себептері мен салдарын анықтау.	
21	ӘЭП 04. Экономика негіздері	Экономиканың негізгі ұғымдары, функциялары, принциптері, мәні, әдістері; экономикалық жүйелердің түрлері; шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызмет етуінің жалпы принциптері; нарықтық инфрақұрылым; Қазақстанның халықаралық экономикалық байланыстары.	ОН 4.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді білу. ОН 4.2. Экономикалық заңдар әрекетінің объективтілігін талдау және бағалау. ОН 4.3. Экономикалық қатынастардың типтерін бағалау. ОН 4.4. Барлық әлеуметтік салаларда өндірістік және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігін түсіндіру. ОН 4.5. Әлемдік экономиканың даму тенденцияларын, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну.	Қ 5., Қ 8.
22	ӘЭП 05. Кәсіпкерлік қызмет негіздері	Қазіргі экономикалық жүйенің қызмет ету заңдылықтары мен механизмі; нарықтық экономиканың принциптері; кәсіпкерлікті дамытудың мақсаттары, факторлары мен шарттары; Қазақстандағы кәсіпкерлік қызметтің қазіргі заманғы ұйымдық-құқықтық нысандары; кәсіпкерліктің ұйымдық және қаржылық негіздері.	ОН 5.1. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін білу. ОН 5.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау. ОН 5.3. Бизнес-жоспар мен бизнес-үлгінің арқауын жасау. ОН 5.4. Тауардың өзіндік құнын есептеп, тауардың бағасын белгілеу.	Қ 5.
23	ӘЭП 06. Құқық негіздері	Мемлекет, құқық және мемлекеттік-құқықтық құбылыстар туралы негізгі түсініктер; тұлғалық, заңдылық, заңды жауапкершілік және оның түрлері; құқықтың негізгі салалары; Қазақстан Республикасының сот жүйесі, құқық қорғау органдары; сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.	ОН 6.1. Мемлекет туралы негізгі ұғымды меңгеру және құқықтың қоғам өміріндегі рөлін бағалау. ОН 6.2. Маманның кәсіби қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді қолдану. ОН 6.3. Қазақстан Республикасы азаматының және адам құқықтары, бостандықтары мен міндеттері жүйесін талдау. ОН 6.4. Қазақстандық құқық салаларының негізгі ұғымдарын білу.	Қ 5.

			ОН 6.5. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының жүйесін талдау.	
			ОН 6.6. Қазіргі қоғамдағы сыбайлас жемқорлықтың жағымсыз рөлін бағалау.	
Жалпы кәсіптік және арнайы пәндер				
24	ЖКП 01. Іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу	Іс қағаздарын жүргізу және хат алмасу түсінігі; іс жүргізудің пайда болу тарихы, құжаттарды қалыптастыру әдістері, сипаттамалары, құрылымдық ерекшеліктері, құрамы; компьютерде құжаттау әдістері; еңбек қатынастарын рәсімдеу; істер номенклатурасы; іс жүргізуді ұйымдастыру технологиясы.	ОН 1.1. Қазіргі іс жүргізу стандарттарына қойылатын негізгі талаптарды білу. ОН 1.2. Әртүрлі бағдарламалар арқылы шығыс және кіріс құжаттарын тіркеу. ОН 1.3. Ұйымдық-басқару құжаттамасын жүйелеу. ОН 1.4. Әртүрлі тасымалдаушылардағы құжаттармен жұмысты ұйымдастыру. ОН 1.5. Іс қағаздарын жүргізу, сақтау және құжаттардың орындалуын бақылау.	Қ 8.
25	ЖКП 02. Мамандыққа кіріспе: монтаж тарихы мен теориясы	Экрандық және бейне кескіндерді жасаудағы монтаждау түсінігі мен рөлі; монтаждау теориясы мен практикасын дамытудағы кезеңдер; монтаждау саласындағы ашылымдар; монтаждау теориялары: желімдеу, біріктіру, уақытты орнату, баяндау, параллель, ассоциативті, клиптік, кескін мен дыбысты монтаждау.	ОН 2.1. Экрандық және бейне кескіндерді жасаудағы монтаждың рөлін анықтау ОН 2.2. Монтаж саласындағы жаңалықтарды бағалау. ОН 2.3. Әртүрлі түрлер мен жанрлардың бейне кескіндерін өндіруде монтаж теорияларын қолдану.	Қ 9., Қ 15.
26	ЖКП 03. Бейнелеу өнерінің тарихы	Бейнелеу өнері түрлерінің жіктелуі; бейнелеу өнерінің негізгі түрлерінің ерекшелігі мен мәні (кескіндеме, графика, мүсін, сәулет, сәндік-қолданбалы өнер, фото және кино өнері), олардың өмірдегі орны; кино мен телевизияның мәдениет пен қоғамға әсері; ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі бейнелеу өнерінің тарихы және оның дүниежүзілік тарих дәуірлерімен байланысы; біздің заманымыздағы бейнелеу өнерінің бағыттары, теориялары және мектептері; Қазақстанның бейнелеу өнері.	ОН 3.1. Бейнелеу өнерінің негізгі түрлері (кескіндеме, графика, мүсін, сәулет, сәндік-қолданбалы өнер, фото және кино өнері) ұғымдарын меңгеру. ОН 3.2. Сол дәуір мәдениетінің пайда болуы мен шығуына қатысты өнер туындыларын талдау. ОН 3.3. Ұлттық мұра дәстүрлерінің Қазақстанның қазіргі заманғы өнеріне әсерін сипаттау. ОН 3.4. Кинематограф, телевизия, бұқаралық ақпарат құралдарының мәдениет пен қоғамға әсерін бағалау.	Қ 15.

27	ЖКП 04. Композиция және жарық негіздері	Композицияның заңдары, ережелері мен әдістері; композицияның классикалық құралдары; статика, динамика, ырғақ, симметрия, асимметрия; сюжеттік-композициялық орталық; тон, түс, бояу; материалдың текстурасы мен фактурасы; стильдеу; көлемдік және көлемдік-кеңістік композиция; терең және рельефтік, кеңістіктік және пластикалық композиция; түстің эмоционалды-психологиялық қасиеттері; жарықтың физикалық табиғаты; жарық көздерінің жіктелуі; бейне түсіру кезінде табиғи жарықты пайдалану; бейне түсіру кезінде жарықтың орналасуы.	ОН 4.1. Кескіндердің композициялық құрылысын тігінен және көлденеңінен орындау. ОН 4.2. Композицияның негізгі элементтерін (фактура, пішін, кадрдағы жарық және түс екпіні) қолдану. ОН 4.3. Тәуліктің әр кезеңіндегі жарық түрлерін қолдану. ОН 4.4. Көлеңкелі, көлеңкесіз, жергілікті, сұлба жарықтандыруды қолданып, түсірілімді іске асыру.	Қ 14., Қ 15.
28	АП 01. Заманауи телевизиялық және бейнетехника	Өндірістік және экологиялық қауіпсіздік, жаһандық экономика және әлемдік нарық; телевизиялық және бейнеқұрылғылардың жұмыс негіздері; бейнедеректерді қысу және өңдеу әдістері, монтаждау кешендері, цифрлық және аналогтық бейне жүйелерінің жұмыс принциптері, цифрлық кескінді өңдеу негіздері, әртүрлі байланыс құралдары арқылы бейне сигналдарды беру технологиялары; бейнеконтентті құрудың, редакциялаудың және монтаждаудың техникалық аспектілері, бейнекамералармен жұмыс істеу негіздері, түстерді түзету процестері және телевизиялық өндірістің ерекшелігі.	ОН 1.1. Барлық әлеуметтік салалардағы өндірістік және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігін түсіндіру. ОН 1.2. Киноматериалдарды өндірудегі, аудиовизуалды өнімдерді жасаудағы және телехабар тарату процестеріндегі технологиялардың негізгі принциптерін білу. ОН 1.3. Деректерді тиімді беру үшін заманауи бейне және телекоммуникациялық жүйелердің жұмыс істеу принциптерін түсіну. ОН 1.4. Монтаждау кешенін, монтаждау және көмекші бағдарламаларды теңшеуді және пайдалануды іске асыру. ОН 1.5. Монтаж жасау алдында жабдықтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету ОН 1.6. Бейне жабдықтардың, монтаждау кешендерінің, бейнекамералардың және сигналдарды өңдеу жүйелерінің жұмысын тестілеу. ОН 1.7. Монтаждауға арналған бағдарламалық кешендерді жаңарту.	Қ 10.

29	АП 02. Цифрлық жазу технологиялары	Ақпаратты цифрлық форматта жазу және беру процесі; деректерді цифрлық түрде түсіру, өңдеу, сақтау және беру үшін қолданылатын әдістер, құралдар мен технологиялар; цифрлық жазу жүйелерінің жұмыс істеу принциптері; цифрлық телевизиялық және радиохабар тарату жүйелерімен, интернет арқылы контентті беру форматтарымен және басқа да құралдармен жұмыс істеу негіздері, сондай-ақ стриминг және онлайн-трансляция әдістері.	<p>ОН 2.1. Контент құру үшін мультимедиялық материалдарды жазудың және өңдеудің цифрлық әдістерін тексеру.</p> <p>ОН 2.2. Ақпаратты тиімді тасымалдау және сақтау үшін деректерді қысу техникасын меңгеру.</p> <p>ОН 2.3. Тарату жүйелерін қолдана отырып, цифрлық контентті әртүрлі байланыс арналары арқылы тарату.</p> <p>ОН 2.4. Арнайы бағдарламалық жасақтаманы қолдана отырып, аудио және бейнематериалдарды монтаждауды орындау.</p> <p>ОН 2.5. Цифрлық форматтар мен стриминг технологияларын қолдана отырып, онлайн-контент тарату.</p>	Қ 7., Қ 11.
30	АП 03. Операторлық өнер	Бір оператордың түсірілім тобындағы рөлі; әртүрлі жанрлардағы жұмыс ерекшелігі; бір камералы, қос камералы, көп камералы түсірілім; студиялық түсірілім және сыртта түсіру; тікелей эфир; қозғалыста түсіру тәсілдері, шағын фильм, жарнамалық ролик, клип түсіру; іс-шаралардың, презентациялардың, конференциялардың, спорттық іс-шаралардың және т. б. бейнетүсірілімі.	<p>ОН 3.1. Өз бетінше және түсірілім тобының құрамында түрлі жанрларда бейнетүсірілімді орындау.</p> <p>ОН 3.2. Жұмыста бір камералы, қос камералы, көп камералы түсірілімді қолдану.</p> <p>ОН 3.3. Студиялық және сыртта түсіру әдістерін қолдану.</p> <p>ОН 3.4. Камераның қозғалыс динамикасында әдістерді қолдану.</p> <p>ОН 3.5. Жарнамалық ролик, клип, іс-шаралар және т.б. түсірілімін орындау.</p>	Қ 11.
31	АП 04. Монтаждау технологиясы	Әртүрлі медиаконтентті монтаждау принциптері мен әдістері; мультимедиялық туындыларды жасау және редакциялау кезінде қолданылатын негізгі техникалар мен құралдар; бейнематериалдарды монтаждау негіздері, кадрларды құрастыру және жүйелілік, арнайы эффектілерді пайдалану, түстерді түзету және дыбыстық безендіру; тұтас және сапалы контент жасау үшін аудиожазбалар мен мәтіндік материалдарды монтаждау әдістері.	<p>ОН 4.1. Бастапқы материалдарды монтаждауға дайындау.</p> <p>ОН 4.2. Тиімді бейне контент жасау үшін құрастыру әдістері мен кадрлар тізбегін пайдалану.</p> <p>ОН 4.3. Сценарий бойынша өнімнің драмалық немесе ойын-сауық құндылығын арттыру үшін қажетті монтаждау әдістерін таңдау.</p> <p>ОН 4.4. Барлық аудиоматериалдарды монтаждау, дыбыстау, үйлестіру және қиыстыруды орындау.</p> <p>ОН 4.5. Жобалардың сапасын жақсарту үшін түстерді түзету,</p>	Қ 9., Қ 11., Қ 12., Қ 13., Қ 14.

			арнайы эффектілерді қосу және дыбыстық безендіру әдістерін үйрену. ОН 4.6. Бейнежазбаларды сақтау және материалды түрлендіру. ОН 4.7. Монтаждау бағдарламасында аудиовизуалды жұмыстың жобасын жасау.	
32	АП 05. Драматургия негіздері, препродакшн	Драмалық шығармаларды құрудың негізгі принциптері; негізгі ұғымдар (жанр, сюжет, фабула, қақтығыстар типологиясы); теледидар, кино және т.б. әртүрлі медиа платформалар үшін идеялар мен сценарийлерді әзірлеу; кино, телевизия және басқа да экрандық БАҚ саласындағы жобаларды жүзеге асыру.	ОН 5.1. Драмалық шығармаларды құрудың негізгі принциптерін меңгеру. ОН 5.2. Драматургияның фильм мазмұнына әсерін зерттеу. ОН 5.3. Сценарийдің суреттеу құралдарын қолдану. ОН 5.4. Берілген тақырып бойынша сценарий құру. ОН 5.5. Кино, телевизия және басқа да салалардағы жеке және ұжымдық жобалармен жұмыс істеу кезінде берілген тапсырмаларды шешу	Қ 15.
33	АП 06. Фотоаппаратура және фотожабдық	Фотоаппараттардың жіктелуі, техникалық сипаттамалары, негізгі тораптары мен механизмдері; фотозертханалардың механикаландырылған және автоматтандырылған жабдығы; цифрлық фотожабдық; цифрлық фотоаппарат жұмысының жалпы принциптері және оның құрылғысы; цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері; фотокескіндерді жазу, өңдеу және басып шығаруға арналған цифрлық станциялар.	ОН 6.1. Жалпы мақсаттағы фотоаппаратураны (аналогтық және цифрлық), техникалық сипаттамаларын, фотоаппараттардың негізгі тораптары мен механизмдерін жіктеу. ОН 6.2. Фотоаппаратура мен фотожабдық құрылымы мен жұмыс істеу принциптерін білу. ОН 6.3. Фотоаппаратура мен фото жабдықты суретке түсіру үшін пайдалану. ОН 6.4. Фотосуреттерді жазу, өңдеу және басып шығаруға арналған цифрлық станцияларда жұмыс істеу.	Қ 10.
34	АП 07. Суретке түсіру технологиясы	Суретке түсіру түрлері; негізгі талаптар, дайындау және жүргізу әдістемесі, суретке түсіру кезіндегі жарықтандыру; суретке түсіру түрлері бойынша түсірілім жұмыстарының технологиясы: павильонда (құжаттарға, павильондық портретке), интерьерде, табиғатта (пейзажды, архитектураны, портретті, естелік орындарда түсіру), спорттық түсірілім, жануарларды	ОН 7.1. Фотообъектілерді дайындау және түсіру жұмыстарын ұйымдастыру. ОН 7.2. Фототехниканы тестілеу және баптау. ОН 7.3. Суретке түсіру түрлерін орындау және фотоматериалды өңдеу.	Қ 11.

		суретке түсіру, аралас түсірілім; арнайы суретке түсіру түрлері (фоторепортаж, репродукциялық фотоға түсіру, макротүсірілім және микротүсірілім).		
35	АП 08. Түсті түзету және дыбыс	Мультимедиялық жобалардағы дыбыс пен түсті өңдеу негіздері; дыбысты сүйемелдеуді өңдеу және жақсарту әдістері, бейне және фотоматериалдардағы түстерді түзетудің негізгі әдістері; аудио өңдеудің негізгі әдістері, аудио тректерді өңдеу, дыбыс сапасын жақсарту, дыбыстық эффектілерді қосу және аудио дизайн жасау; бейне кескіндеріндегі түс балансын, контраст пен жалпы визуалды әсерді өзгерту және жақсарту әдістері.	ОН 8.1. Монтаждау бағдарламасында аяқталған өнімді жасау үшін түс пен дыбысты түзетудің әртүрлі әдістерін қолдану. ОН 8.2. Медиа жобалардың сапасын қамтамасыз ету үшін түстерді түзету құралдарын меңгеру. ОН 8.3. Барлық дыбыстық материалдарды монтаждау, дыбыстау, үйлестіру және қиыстыруды орындау. ОН 8.4. Музыкалық редакторлармен бірге шу мен музыканы қолдану. ОН 8.5. Мультимедиялық жобалар үшін дыбыстық тректерді өңдеудің тиімді әдістерін әзірлеу.	Қ 14.
36	АП 09. Контентті ресімдеу	Әртүрлі мультимедиялық форматтағы дизайн, композиция, типографика және визуалды эстетика принциптері; визуалды коммуникация негіздері, тартымды мультимедиялық материалдарды жасау үшін түс палитрасын, кескін композициясын, қаріптер мен графикалық элементтерді таңдау; пайдаланушы интерфейсінің тақырыптары, анимация негіздері, веб-дизайнның визуалды жағының принциптері.	ОН 9.1. Дизайн және визуалды эстетика негіздеріне сәйкес келетін эстетикалық тартымды контент құру. ОН 9.2. Тиімді визуалды байланыс үшін түстер палитрасы мен типографика таңдау. ОН 9.3. Мультимедиялық мазмұнның визуалды көрінісін жақсарту үшін анимация негіздерін меңгеру. ОН 9.4. Графикалық элементтер мен қаріптердің көмегімен ақпараттық және жинақы контент жасау. ОН 9.5. Әртүрлі платформаларда тиімді визуалды байланысқа назар аудара отырып, мультимедиялық контент жасау.	Қ 12., Қ 15.
37	ӨТ 01. Оқу тәжірибесі	Фото және бейне объектілерді дайындау мен түсіруді ұйымдастыру бойынша жұмыс; фото және бейнетехниканы пайдаланудың негіздері мен	ОН 1.1. Фото және бейне жабдықтарды тәжірибеде қолдану. ОН 1.2. Фото және бейне түсіруді орындау.	Қ 9., Қ 10., Қ 11., Қ 12., Қ 14.,

		ережелері; фото және бейнематериалды түсіруді, монтаждауды және өңдеуді өз бетінше жүргізу.	ОН 1.3. Бейнематериалды монтаждау және өңдеуді іске асыру. ОН 1.4. Тақырып бойынша дайын бейнеролик жасау.	Қ 15.
38	ӨТ 02. Өндірістік тәжірибе	Кәсіби қызметте теориялық білім мен практикалық дағдыларды бекіту; фото және бейне аппаратураларды, монтаждау кешендерін тестілеу және баптау жұмыстары; әртүрлі жанрларда түсіруді өз бетінше жүргізу, түсірілген фото-бейнематериалды өңдеу және монтаждау.	ОН 2.1. Түсіру және монтаждау басталғанға дейін жабдықты сынау және баптау. ОН 2.2. Әртүрлі жанрларда түсірілім жүргізу. ОН 2.3. Белгілі бір сценарий бойынша фото, теле, бейне өнімдерін жасау үшін қажетті монтаждаудың әртүрлі әдістерін қолдану. ОН 2.4. Бейнематериалды компьютерлік өңдеуді және монтаждауды орындау. ОН 2.5. Монтаждау бағдарламасында аудиовизуалды жұмыстың жобасын жасау.	Қ 9., Қ 10., Қ 11., Қ 12., Қ 13., Қ 14., Қ 15.
39	ӨТ 03. Диплом алдындағы тәжірибе	Материалды жинау және жеке шығармашылық дипломдық жұмыстың теориялық және тәжірибелік негізін дайындау; дипломдық жұмысты орындауға қажетті материалды дайындау үшін техникалық дағдылар мен шығармашылық көзқарасты меңгеру: әртүрлі жанрларда фото және бейне түсірілімдерді (дипломдық жұмыс тақырыбына сәйкес) іске асыру.	ОН 3.1. Жеке шығармашылық дипломдық жұмыстың теориялық және тәжірибелік негізін дайындау. ОН 3.2. Таңдалған тақырыптың өзектілігін негіздеу. ОН 3.3. Дипломдық жұмыс үшін бейнематериал жинау. ОН 3.4. Алдын ала монтаж жасау.	Қ 9., Қ 10., Қ 11., Қ 12., Қ 13., Қ 14., Қ 15.
40	ДЖ 01. Дипломдық жобалау	Операторлық өнер және бейнемонтаж саласында өз жобаларын жасауда теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларды қолдану; түсірілген материалды монтаждау, шағын фильм, жарнамалық ролик және т.б. дайын бейнеролик жасау.	ОН 1.1. Бейнемонтаж саласында жеке жоба әзірлеу. ОН 1.2. Нақты кәсіби өнімді жасауда әдістер мен құралдарды қолдану. ОН 1.3. Қорытынды аттестаттауға жобаны құру үшін қажетті жабдықтармен, бағдарламалық қамтамасыз етумен және технологиялармен жұмыс істеу.	Қ 9., Қ 10., Қ 11., Қ 12., Қ 13., Қ 14., Қ 15.

**3.2. Білім беру бағдарламасының пәндері бөлінісінде игерілген
кредиттердің/сағаттардың көлемін көрсететін жиынтық кестесі**

№	Пәннің және оқу қызметі түрлерінің атауы	Уақыт көлемі		Семестр	Қорытынды бақылау нысаны*
		Кредиттер	Сағат		
1	ЖБП 01. Қазақ тілі	4	96	1-3	Емтихан
2	ЖБП 02. Қазақ әдебиеті	4	96	1-3	Сынақ
3	ЖБП 03. Орыс тілі мен әдебиеті	5	120	1-3	Е
4	ЖБП 04. Шетел тілі (ағылшын)	4	96	1,2	С
5	ЖБП 05. Қазақстан тарихы	4	96	1,2	Е
6	ЖБП 06. Дүниежүзі тарихы	3	72	1,2	С
7	ЖБП 07. Математика	5	120	1-3	Е
8	ЖБП 08. Информатика	3	72	1,2	С
9	ЖБП 09. Физика	4	96	1,2	Е
10	ЖБП 10. Химия	3	72	1,2	С
11	ЖБП 11. Биология	3	72	1,2	С
12	ЖБП 12. География	3	72	1,2	С
13	ЖБП 13. Графика және жобалау	2	48	2	С
14	ЖБП 14. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	4	96	1,2	С
15	ЖБП 15. Дене тәрбиесі	5	120	1,2	С
16	ЖБП 16. "Жаһандық құзыреттілік" курсы	1	24	2	С
17	ЖГП 01. Дене тәрбиесі	8	192	3-6	С
18	ӘЭП 01. Мәдениеттану	2	48	2	С
19	ӘЭП 02. Философия негіздері	1	24	4	С
20	ӘЭП 03. Саясаттану және әлеуметтану негіздері	1	24	2	С
21	ӘЭП 04. Экономика негіздері	1	24	2	С
22	ӘЭП 05. Кәсіпкерлік қызмет негіздері	1	24	2	С

23	ӘЭП 06. Құқық негіздері	1	24	2	С
24	ЖКП 01. Іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу	2	48	6	С
25	ЖКП 02. Мамандыққа кіріспе: монтаж тарихы мен теориясы	2	48	3	С
26	ЖКП 03. Бейнелеу өнерінің тарихы	3	72	3,4	Е
27	ЖКП 04. Композиция және жарық негіздері	3	72	3,4	Е
28	АП 01. Заманауи телевизиялық және бейнетехника	3	72	3,4	С
29	АП 02. Цифрлық жазу технологиялары	3	72	4-6	Е
30	АП 03. Операторлық өнер	6	144	3-6	Е
31	АП 04. Монтаждау технологиясы	7	168	3-6	Е
32	АП 05. Драматургия негіздері, препродакшн	3	72	5,6	С
33	АП 06. Фотоаппаратура және фотожабдық	2	48	3,4	С
34	АП 07. Суретке түсіру технологиясы	3	72	3-5	Е
35	АП 08. Түсті түзету және дыбыс	3	72	4-5	С
36	АП 09. Контентті ресімдеу	2	48	5,6	С
37	ӨТ 01. Оқу тәжірибесі	24	576	3,4	С
38	ӨТ 02. Өндірістік тәжірибе	14	336	5	С
39	ӨТ 03. Диплом алдындағы тәжірибе	8	192	6	С
40	ДЖ 01. Дипломдық жобалау	8	192	6	Дипломдық жобаны қорғау
41	Аралық аттестаттау	9	216	2-6	Е
42	Қорытынды аттестаттау	3	72	6	Е
43	Өзіндік жұмыс	45	1080	1-6	
	Оқу жүктемесінің жалпы саны	225	5400	1-6	
44	Факультативтік сабақтар	15	360	1-6	
45	Консультациялар	12	288	1-6	

* Белгілер: С – сынақ (сараланған сынақ); Е – емтихан, ДЖ – дипломдық жобаны қорғау

14.	Барлық аудиовизуалды және дыбыстық материалдарды монтаждау, дыбыстау, үйлестіру және қиыстыруды орындау.																																
15.	Барлық түрдегі және жанрдағы кино-, теле-, бейнефильмдердің, телевизиялық және радиобағдарламалардың көркемдік-техникалық сапасын қамтамасыз ету.																																